

**Конысбаева Кенжекул Конысбаевнаның**  
6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
**«Ишемиялық инсульттің қауіп факторларын мониторингтеу және**  
**басқару»** тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысының

## АННОТАЦИЯСЫ

### **Тақырыптың өзектілігі.**

Инсульт жаһандық проблема болып табылады және әлемде сырқаттанушылық, өлім-жітім және мүгедектік құрылымы алдыңғы орында (Lindsay M.P., 2016). 2004 жылдың өзінде-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы инсультты бүкіл әлем халқының өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жаһандық эпидемиясы деп жариялады. Егер бұл эпидемиямен күрес жүргізу бойынша бірыңғай жалпыәлемдік шаралар қолданылмаса 2030 жылға қарай инсульт салдарынан болған өлім-жітім 7,8 млн. дейін жетеді деп болжамдалуда.

Осы ауруға қарсы жаһандық күресте жұртшылықты шұғыл және белсенді іс-қимылға тарту мақсатында 2006 жылы Дүниежүзілік инсульт ұйымы (World Stroke Organization, WSO) 29 қазан Дүниежүзілік инсульт бақылау күні деп жариялады.

Дүниежүзінде инсульттің таралуы жыл сайын экономикалық дамыған және дамушы елдерде өсіп келеді және American Heart Association «Heart Disease and Stroke Statistics-2016 Update» мәліметтері бойынша 33 миллион адам инсультқа шалдықты, бұл ретте 16,9 миллион адам алғаш рет инсультқа ұшырады, оның 5,2 миллион адамы 65 жасқа дейінгі жас тобындағылар.

Церебральді инсульттің медициналық, әлеуметтік, экономикалық маңызы, оның медициналық-әлеуметтік, стационарлық көмек көрсетуге жұмсалған шығындардың қарқынды өсуіне негізделген. Экономикалық дамыған елдерде церебральді инсульт кезінде медициналық қызмет көрсету денсаулық сақтауға жұмсалатын барлық шығындардың шамамен 3-6% құрайды. Халықтың қартаюына қарай бұл аурудың қоғам үшін ауыртпалығы қиындайды.

Өкінішке орай, Қазақстан да бұл көрсеткіштерден тыс қалмады. Қазақстан Республикасында ИИ миокард инфарктісінен және қатерлі ісіктерден кейінгі үшінші орынға ие және мүгедектіктің негізгі себебі болып табылады. Ресми статистикаға сәйкес, Қазақстан Республикасында жыл сайын 40 мыңнан астам инсульт оқиғасы орын алады, оның 24% -ы өлімге душар болды.

Қазақстан Республикасында МҚЖБ мәселесімен күрес әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың басты басымдығы негізгі әлеуметтік маңызды жұқпалы емес аурулар мен Қазақстан Республикасы халқының демографиялық көрсеткішіне әсер ететін

жағдайларды, оның ішінде ми қан айналымының жіті бұзылыстарының алдын алу болып табылады.

Бірқатар ғалымдардың пікірі бойынша, ресми статистикалық деректер, репрезентативтік популяциялық эпидемиологиялық зерттеулердің жоқтығынан церебральды инсульт мәселелерінің ахуалын толық мөлшерде көрсетпейді және диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды.

#### **Зерттеудің мақсаты:**

Ишемиялық инсульттің таралуын зерттей отырып, оның қауіп факторларын бақылау мен басқаруға бағытталған тәжірибелік ұсыныстарды қалыптастыру болып табылады.

#### **Зерттеудің міндеттері:**

1. Халықаралық деңгейде және Қазақстан көлемінде ишемиялық инсульттің таралуын зерттеу.
2. Қазақстан Республикасындағы инсульттік қызмет жүйесін реттейтін нормативті- құқықтық негіздерді сараптау.
3. Ишемиялық инсульт өткерген науқастар арасында орын алған қауіп факторлармен, олардың функционалдық статусының арасындағы қарым- қатынасты зерттеу.
4. Ишемиялық инсульт өткерген науқастарды оңтайландырудың тиімсіздік предикторларын анықтау.
5. Алматы қаласында 2015-2017 жылдар арасындағы ишемиялық инсульттің салдарынан өлген науқастар арасында клинико-патологоанатомиялық сараптау жүргізу.
6. Ишемиялық инсульт дамуындағы қауіп факторларын реттеу бойынша тәжірибелік ұсыныстар даярлау және оны ендіру.

#### **Зерттеу әдістері және материалдары**

Зерттеуге 1070 пациент кірді, олардың ішінде бірінші топ 2015-2017 жж. аралығында инсульт болған 540 науқас, инсульттен қайтыс болған – 508 науқас кірді. Бақылау тобына – инсультке шалдықпаған жүрек-қантамырлар патологиясы бар 530 науқас жатады, олар жынысы мен жасына сәйкес келеді. Іріктеу критерийлеріне жүрек-қантамыр жүйесі аурулары бойынша тіркеуде тұратын, жынысы бойынша (әйелдер мен еркектер), 20 жас және одан жоғары жастағы адамдар кіреді. Ретроспективтік зерттеу науқастарды дәйекті бақылау схемасына сәйкес 2011-2016 жылдар аралығында амбулаторлық карталар мен пациенттердің ауру тарихын зерттеуді қамтиды. Клиникалық зерттеу базалары: ЖШККА, №7 ҚКА, №1 ҚКА, №4 ҚКА, ОҚКА, Алматы қаласының патологоанатомиялық бюросы және 8 емхана. Зерттеу әдістері: ақпараттық-аналитикалық, клиникалық, аспаптық, морфологиялық, статистикалық (SPSS 22.0 бағдарламасы).

### **Ғылыми жаңалығы**

1. Инсульт өткерген науқастар арасында орын алған қауіп факторлармен, олардың функционалдық статусының арасындағы қарым-қатынас зерттелді.
2. Ишемиялық инсульт өткерген науқастарды оңтайландырудың тиімсіздік предикторлары ретінде, медико-әлеуметтік қауіп факторлардың болуы айқындалды.
3. Алғаш рет қауіп факторларының ишемиялық инсультті өткерген науқастардың өлім-жітім себебіндегі үдетуші әсері, патологоанатомиялық мағлұматтар негізінде дәлелденді.
4. Ишемиялық инсульттің алдын алу шаралары жөніндегі әдістемелік нұсқаулар жетілдірілді.

### **Тәжірибелік құндылығы**

Тиімсіз оңалтудың бақыланатын предикторларымен күрес жөніндегі іс-шараларды қамтитын ишемиялық инсульттің даму қауіп-қатерінің факторларын басқару бойынша әзірленген тәжірибелік ұсыныстар мидың тамырлы патологиясынан сырқаттанушылықты, өлім-жітімді және мүгедектікті төмендетуге, науқастардың өмір сүру сапасы мен ұзақтығын жақсартуға және қоғамның экономикалық шығындарын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

- Ишемиялық инсультті өткерген науқастардың функционалдық статусымен қауіп факторлары арасындағы қатынастың болуы анықталды.

- Ишемиялық инсульттің ағымына артериялды гипертензия, жүрекше фибрилляциясы, жас ерекшелігі, жынысы және әдет факторлары маңызды әсер танытатындығы анықталды.

- Ишемиялық инсультті оңтайландыру жұмысының тиімсіздігін науқастың егде жасы, қан қысымының жоғарлылығы, жүрекше ырғағының бұзылысы, қант диабеті, отбасы жағдайы (жалғызбастылық, яғни әлеуметтік қолдау маркерінің жоқтығы) айқындайтындығы белгіленді.

### **Диссертация бойынша жарияланған мақалалар**

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ережелері 20 басылымда баяндалған, оның ішінде 2 мақала Scopus компаниясының деректер базасына кіретін Халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланды, 6 мақала ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланды, 6 мақала халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде 2 - шетелдік конференция материалдарында, 6 авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік жарық көрді.